



Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Жоба

Соңғы жылдары Жалағаш жолдары жаңарып қалды. Әсіресе шалғай елді мекендердің жол сапасына айтарлықтай мән берілді. Тіпті ауыл мен ауылды жалғайтын жолдар, елді мекендердегі ішкі көшелер жөндеуден өтіп, әлеуметтік инфрақұрылым мәселелері оң шешімін табуда.

Былырдың өзінде аудандағы жолдар мен ішкі көшелерді жөндеу бойынша 5 жобаға қазынадан 1 млрд 293 млн теңге қаржы бөлінген. Нақтырақ тоқталсақ, Бұқарбай батыр, Аққұм, Есет батыр ауылдарының 17 көшесіне және М.Шәменов ауылының кіреберіс автомобиль жолын күрделі жөндеу, Таң ауылындағы екі пәтерлі 10 тұрғын үйге кірме автомобиль жолын салу жұмыстары жүргізілді.

Аудан әкімінің халықпен кездесулерінде кент тұрғындары кейбір көше, жолдардың сапасы сын көтермейтінін айтатын. Азаматтардың талап-тілегі, ұсынысын тыңдап қана қоймай, мәселені шешу жолын іс жүзінде орындайтын жергілікті билік биыл аудан орталығындағы бірқатар жолды жөндеу жұмыстарын қолға алған. Бүгінде қызу жұмыс жүруде.

Нақтырақ айтсақ, биыл кент бойынша 11 көшеге жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Жобаның жалпы құны – 678,7 млн теңге. Қазіргі уақытта А.Байсопақов және С.Сейфуллин көшелерінде асфальт төсеу жұмыстары жүруде. Сондай-ақ М.Мәметова, Ә.Молдағұлова көшелеріне де асфальт жаю жұмыстары басталды.

Құрылыс жұмыстарын өзінің жеке бақылауына алған аудан әкімі Ардақ Ибраимов Дәуімбай елді мекеніндегі А.Байсопақов пен С.Сейфуллин көшелерінде жүргізіліп жатқан жол жөндеу жұмыстарымен танысып, жауаптыларға құрылыс сапасына ерекше мән беруді және жұмысты белгіленген талаптарға сай орындауды қатаң тапсырды. Сонымен қатар жөндеп кешелердің ұзақ мерзімді



Тұрғындар талабы тасада қалмайды

пайдаланылуын қамтамасыз ету үшін оларды күтіп-ұстау бағытында кент әкіміне бірқатар міндет жүктелді. Кенттен бөлек Мерәлі Шәменов ауылындағы Жамбыл, Ердүзелова көшелерінің автомобиль жолдарын күрделі жөндеу жұмыстарына облыс-

тық бюджеттен 69 млн теңге қаралған. Бүгінгі таңда көшелерге асфальт төсеу жұмыстары аяқталып, жол белгілерін орнату және жолақтарын сызу жұмыстары жүргізілуде.

Сондай-ақ жоба құны 518,3 млн теңгені құрайтын Қаракеткен және Далдабай ауылдарындағы автомобиль жолдарын күрделі жөндеу үшін биыл 165,3 млн теңге қаралған. Жоба 2026 жылға өтпелі. Қазіргі таңда бөлінген қаржы шегінде Далдабай елді мекеніндегі 7 көшеге құм аралас тас төсеу жұмыстары жүргізілуде. Мердігер мекеме – «Нұрлы Тау ЛТД» ЖШС. Техникалық қадағалаушы – «СК Капитал» ЖШС. Авторлық қадағалаушы – «ПРОИНСЕТ» ЖШС. Жалпы екі жылда Қаракеткен мен Далдабайда 16 көшенің сапасы жақсармақ.

Соңғы жылдары Жалағаштың шалғай ауылдарында жол құрылысы қарқын алғанын айтқан болатынбыз. Сөзімізге дәлел жоба құны 486,5 млн теңгені құрайтын Аққыр елді мекеніндегі Ы.Ақымырзаев, Ш.Есөв, М.Ахметов, Аққыр, Н.Тәспенов көшелерін күрделі жөндеу жұмыста-

рын бастау мақсатында облыстық бюджеттен 180,5 млн теңге қаралып, бүгінде бөлінген қаржы шегінде Аққыр, Таспенев көшелеріне асфальт төселіп, жол жиегіне құм аралас тас төсеу жұмыстары жүргізілуде. Жоба 2026 жылға өтпелі. Мердігер мекеме – «Р и А Сервис ЛТД» ЖШС. Техникалық қадағалаушы – «СК Капитал» ЖШС. Авторлық қадағалаушы – «ТМ Проект Строй» ЖШС.

Еңбек ауылындағы 3 көшеге, яғни Т.Дәуітбаев, Абай, М.Байділдаев көшелерін орташа жөндеу жұмыстарына биыл 63,8 млн теңге бөлінді. Бүгінгі таңда жобалау-сметалық құжаттарға түзетулер енгізілуде. Жобалау-сметалық құжаттарға түзетулер енгізілгеннен кейін орташа жөндеу жұмыстары басталмақ. Мердігер мекеме – «Орда Автодор» ЖШС.

Міне, ауданда тындырымды тірлік, жүйелі жұмыс бар. Халықтың бірлігі, сөз бен істің жарасым табуы, елдің ынтымағы жарқын жобаларға бастау алған.

ЖАРЫН



Еңбек адамы



Бригадир Ербол

Өткендегі аптап ыстық жоқ, үлкен жолдан оңға түсіп, қаражолды бойлап келеміз. Ат ізін салмағалы біраз болған ба, әйтеуір шамалы жүргеннен кейін тарамдалған жолдың қайсысына түсерімізді білмей біраз тұрып қалдық. Сол жағымызда шаңға көмілген көлік қарсы келе жатыр. Көнігі ала жаздай күнге күйген таза еңбек адамдары екені көрініп-ақ тұр. Сол жолдың шаруашылықтың егіс алқабына алып баратынын түсіне қойдық.

Бір шақырымнан кейін алдымыздан егіс алқабына алып барар жолдың бойындағы темір қақпаға кездестік. Қарсы беттегі атызда егінге орақ түскен. Механизатордың қимылы шалт, өнім орып жатқан маманнан тегіс жолда жүйткіп бара жатқан жеңіл көпкітей жылдам жүр. Әріректе орылған өнімнің арасын ашып қарап жүрген жігіт ағасы көзге түсті. Бұл бригадир Ербол Майбасаров екен.

Ерекеннің «Сәрке батыр» шаруа қожалығында еңбек етіп жатқанына 15 жылға жуықтаған. Бастапқыда диқан болған дала дарабозына қай өнімге қандай күтім қажет, бұл жағы таңсық емес. Оның бригадасы жыл сайын саланы толайым табыспен қорытындылап келе жатқаны бұл сөзімізді куаттайды.

Ербол Майбасаровтың қарамағында 7 диқан, 1 механизатор және 2 аспаз бар. Бұл ұжым әкегісті ерте көктемде бастаған. Наурыздың басында

50 гектар алқапқа бидай егілті. Сөзінше, бидайды мүлде суармайды, ол көнігі жаңбырдың суымен пісіп жетіледі екен. Несібесі шығар, жаздай жауын болмағанымен көктемнің әр айы жаңбырға толы болды. Ал бидай енді қылтылып шыға бастағанда су маңызды рөл атқарады екен.

– Рас, өнімділік жағынан күріш екен дұрыс. Бірақ біз ротацияға мән береміз. Ротация сақтамасак, алдағы уақытта жердің құнары кетіп, не есек те өнім сапасын жоғалтып аламыз. Сондықтан біз бұған қатаң қараймыз. Соңғы жылдары су мәселесі біз сияқты шаруа адамдарына қандай қиындық тудырып жатқанын жақсы білесіздер. Бірақ біз бұл мәселенің барлығының амалын тауып келеміз. Соңғы 5 жылда біздің шаруашылық егінді әртараптандыруға аса мән беріп келеді. Мәселен, біз бұл ретте суды аз қажет ететін дақылдарға басымдық береміз. Соның бірі – көз

алдыңызда орақ түсіп жатқан бидай. Шындығында, бидайды мүлде каналдың суымен суармаймыз. Бұл жаңбырдың суымен пісіп жетіледі. Несібемізге биыл көктемде жауын көп түсті. Есесіне бидайдың шығымы да жақсы болды. Былтыр гектарынан 10 центнерден өнім берген. Биыл одан жоғары өнім аламыз деп жоспарлап отырмыз. Біздің бригада биыл 50 гектар алқапқа бидай екті. Алдағы үш күнде толық орып, осы аптаның соңына дейін қамбаға құямыз, – дейді Ербол Майбасаров.

Соңғы жылдары барлық дақылдың жаңа сұрпы енуде. Табысқа көнелуде мұндай жаңалықты қос қолдап қолдаймыз. Бірақ олардың да күтіміне қатысты өзгерістер болып жатады. Мұндайда агроном берген кеңеске жүгініп, диқандар сапалы әрі мол өнім алуды жетік меңгерген.

Жалғасы 2-бетте

Аудан жаңалықтары

Елдің талап-тілегін тыңдады

Аудан әкімі Ардақ Ибраимов «Халық үніне құлақ асатын үкімет» тұжырымдамасы аясында аудан тұрғындарымен жүздесіп, жеке мәселелері бойынша диалог құруды әдетке айналдырған. Бастысы, нәтиже бар. Жалағаштықтардың бірқатар мәселесі бүгінде іс жүзінде шешімін тапқан.

Аудан әкімі Ардақ Ибраимов көзектілік тәртібімен жазылған аудан тұрғындарын жеке қабылдады. Қабылдауда ұсыныс-пікірін, өтінішін жеткізген тұрғындардың сауалы назарға алынып, заң аясында шешілу жолдары қаралды.

Сондай-ақ көтерілген мәселелерге заңға сәйкес түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, сала басшыларына тиісті тапсырмалар берілді.

Айта кетейік, тұрғындар аудан әкімінің қабылдауына egov.kz порталы, e-otinish бірыңғай базасы арқылы немесе әкімдікке келіп, жазбаша өтініш беру арқылы жазыла алады.



Тапсырма тиянақты орындалуы тиіс

Аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың төрағалығымен мәжіліс өтті. Онда салық базасын ұлғайту, елді мекендерді көркейту-көгалдандыру жұмыстары және қосымша бірқатар мәселе қаралды.

– Елді мекендердің тазалығы мен абаттандырылуы – әрбір әкімнің тікелей жауапкершілігі. Сондықтан әрбір ауыл әкімі өзіне сеніп тапсырылған аумақтың санитарлық тазалығы мен абаттандырылуын үнемі бақылауда ұстауы тиіс. Бұл – науқандық шаруа емес, күнделікті, жүйелі түрде жүргізілуі керек, – деді аудан басшысы Ардақ Ибраимов.

Көркейту-көгалдандыру бағытында аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөліміне ауылдық округтердегі атқарылған жұмыстар мен биыл егілген ағаштар есебі және олардың шығымы туралы баяндалды. Сонымен қатар аудан басшысы елді мекен аумақтарында абаттандыру қағидаларын бұзу, жасыл екпелерді бұлдіру, рұқсат етілмеген жерлерге қоқыс тастау фактілері бойынша рейдтік жұмыстар ұйымдастыруды тапсырды.

Мұнан бөлек мәжілісте тіркелген кәсіпкерлік субъектілерінің санын арттыру, салық базасын ұлғайту және көктемгі мерзімді әскери қызметке шақыру бойынша берілген тапсырмалардың орындалу барысы да қаралды.

Жиын қорытындысы бойынша аудан әкімі күн тәртібінде көтерілген мәселелерге орай тиісті сала басшыларына, кент және ауылдық округ әкімдеріне нақты тапсырмалар беріп, олардың орындалуын бақылауда ұстауды тапсырды.

«ЖЖ» ақпарат

■ Таза Қазақстан

Сенбілік – тазалық таразысы

Бүгінде ауданның көркіне, тазалығына мін айту қиын. Көшелері тап-таза, асфальт төселуде, орталықта заманауи нысандар бой көтеруде, арыққа аяқсу тартылған. «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы басталғалы жалағаштықтар сенбі сайын жаппай тазалық жұмыстарына шығуды әдетке айналдырған. Соның арқасында ауданға келген қонақтар «Жалағаш адам танымастай өзгеріпті, бірде-бір қоқыс жоқ, тап-таза екен» деп тамсануда.

Шілденің шілінгір ыстығына қарамай, жалағаштықтар өткен демалыста «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында сенбілік ұйымдастырды. Тазалық жұмыстарына мекеме қызметкерлері, көше тұрғындары мен ерікті жастар белсенді атсалысты. Акцияда кент көшелері мен қоғамдық орындар тазартылып, жабайы өскен шөптер шабылды, қураған бұтақтар кесілді. Жиналған қоқыстар арнайы техникамен белгіленген орындарға шығарылды.



– Сенбі сайын тазалық акциясына қатысуға тырысамын. Бұл ісіме өкінемеймін. Тәуелсіз елдің азаматы ретінде туған өлкемді көркейтуге өз үлесімді қосқаныма қайта қуанамын. Өзім аудандық емханада қызмет өтемін. Бүгін еріпестеріммен бірге акцияға қатысудамыз. Барлығының көңіл қай керемет. Иә, сенбілік халықты игілікті



деген жауапкершілігі де арта түседі, – дейді кент тұрғыны Мөлдір Досова. Аудан әкімі Ардақ Ибраимов аудан тұрғындарының жанынан табылып, жауапты сала басшылары мен кент әкіміне санитарлық талаптарды тұрақты бақылауда ұстау, жасыл желектерді күтіп-баптау және аяқсуды уақытылы жеткізу бойынша нақты тапсырмалар берді. Сонымен қатар сенбілікке белсенді қатысқан тұрғындарға алғысын білдірді.

– Сенбілік біздің ауданда ғана емес, облыстағы барлық өңірде өтіп жатыр. Өзім де міне, сенбілікке көптен бірге қатысуды жөн көрдім, жауапты мамандарға тапсырма бердім. Бұл – біріншіден өскелең буынға үлгі-өнеге, екінші жағынан тазалық пен жауапкершіліктің болғаны қай-қайсымызға да қажет. Тазалық бар жерде тәртіп те бар. Ал тәртіп бар жерде қашанда табысқа тезірек жетуге болады. Жалпы ауданға қарасты барлық ауылдық елді мекенде абаттандыру жұмыстары жүруде. Осыған бір кісідей атсалысып жатқан аудан халқына алғыс айтқым келеді. Жалағаштың көркейіп-көгалдануы бағытындағы мұндай шаралар жалғасын табады, – деді аудан әкімі Ардақ Ибраимов.

Айта кетейік, Жалағаш кентінде былтыр бірқатар жарқын жоба жүзеге асты. Мәселен, бюджеттен электр қуатын үнемдейтін светодиодты шамдар сатып алуға 2,4 млн теңге бөлінді,

Б.Сопбеков, А.Бисенов, ДЭУ көшелері мен З.Салықбаев түйығына түнгі жарықтандыру жұмыстары жүргізілді. Ұлы Жеңістің 50 жылдығы, Н.Мырзалиев, Н.Әлмеғанбетов және А.Иманов көшелеріндегі көше шамдары үнемді светодиодты шамдармен жаңартылды. Мұнан бөлек 18 орынға бейнебақылау камералары, 5 орынға жылдамдық өлшегіш құрылғылары орнатылып, барлығы 77 дана бейнебақылау камерасы іске қосылды.

Биыл да аудан орталығында атқарылатын тірлік бар. Нақтырақ айтсақ, Дәуімбай елді мекеніндегі электр желілерін жаңғырту жұмыстарына жобалық-сметалық құжаттары әзірленген. Қазіргі таңда мемлекеттік сатып алу жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ кенттегі орталық алаңды қайта жаңғыртуға арналған жобаның жобалық-сметалық құжаттары әзірленіп, сараптамадан өткен.

Орталық стадион заманауи талаптарға сай жаңғыртылуда. Қазіргі таңда құрылыс жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Көп жылдар бойы көтеріліп жүрген мәселе аудандық аурухана мен емхананың орталықтандырылған көріз жүйесінің құрылысына жобалық-сметалық құжаттар әзірленіп, мемлекеттік сараптамадан өтті. Қазіргі таңда жобаны іске асыру үшін қажетті қаражат күтілуде.

Жандос ЖАЗКЕН

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Басы 1-бетте

■ Бәрекелді!

Спортты серік еткен сұлу

Алматы облысында «Alatau – 2025» халықаралық чемпионат өтті. Жеңіл атлетикадан әуесқойлар мен ардагерлер арасында өткен жарысқа елімізден өзге Қырғызстан, Ресей, Өзбекстан, Болгария, Беларусь және Украинадан арнайы жеңіл атлеттер келген. Аталған жарысқа ауданымыздан «Наркескен» спорт клубының спортшысы Гүлдана Қаппарова қатысып, жеңіс тұғырынан көрінді.

Байрақты бөсеке елімізде биыл төртінші рет ұйымдастырылған. Жарыс халыққа салауатты өмір салтын насихаттап, бұқаралық спортпен айналысуға шақырады. Жарыс жолына 18 жастан бастап, 80 жастағы қарияға дейін шыққан. Спортшылар жас ерекшеліктеріне қарай бірнеше топқа бөлініп, өзара мықтыны анықтады. Олар 100 метрден 5000 метрге дейін жекелей сынға түсіп, биіктікке, қашыққа секіру, найза лақтыру сынды спорт түрлерінен өзара жүлделерді сарапқа салды.

Кейіпкеріміз Гүлдана Әділханқызы жарысқа 45-49 жас ерекшелігі бойынша қатысып, найза лақтыру, ядро лақтыру, балға лақтыру, және ұзындыққа секіруден қарсылас шақ келтірмеген. Ал 100 метрге жүгіру кезеңінде мөреге Ресей спортшысынан кейін келіп, II орынға тұрақтаған. Ал Қазақстан бойынша бірінші келіп, алтын медаль иегері атанған. Сондай-ақ 40-45 жас ерекшелігіне қарай бөлінген топта ұзындыққа секіру сайысында рекорд жаңартты.

– Бұл спорт түрімен айналысып келе жатқаныма 10 жылдан асты. Жалпы жеңіл атлетика кез келген жаста қолжетімді. Бұл спорт түрі көп қаражатты талап етпейді. Менімен бірге күнде отбасым да жүгіруді әдетке айналдырған. Кешегі халықаралық чемпионатта жеңіске жететініме сенімді болдым. Өйткені ауылда жүріп тыңғылықты дайындық жүргіздім. Бұл уақытқа дейін қатысқан жарыстарымнан жиі тәжірибем бар. Жарысқа қатысуға бір ай бұрын тіркелдім. Алайда жарыс жақындаған күндері аздап сырқаттанып, әлсіреп қалдым. Десе де алдыма қойған мақсатыма жету үшін жарыс алаңына шықтым, – дейді ол.

Гүлданы спорт саласына ең алғаш алып келген жаттықтырушы – Мақсұт Қарақұлов. Ол жеңіл атлетикадан бірнеше мәрте ҚР чемпионы атанып, әр ауыл ауданнан жас ерекшеліктеріне қарай шәкірт шыңдаған. Білікті маман, кейіпкеріміздің жүгіруге бейімділігін бірінші болып байқап, оны 26 жасынан бері осы спортқа қатыстырған. Гүлданың қазіргі жаттықтырушысы, алғашқы ұстазы – Мақсұт Қарақұловтың баласы Жандос Қарақұлов. Әкесінің жолын таңдаған білікті бапкер де бұл салаға серпін беріп, еңбек етуде.

Гүлдана Әділханқызы – бұған дейінде бірнеше спорт түрінен талай мәрте аудан абыройын асқақтатып, жеңіс төрінен көрінген спортшы. Ол – бес асықтан мұғалімдер арасында бірнеше мәрте асығы алшысынан түскен ҚР жеңімпазы.

Сондай-ақ бірнеше спорт түрін қамтитын Президенттік көпсайыс арасында да жеңіс тұғырынан көрініп келеді. Ол – Президенттік көпсайыс бойынша Қызылорда құрамасының мүшесі. Бұл сайыс жазғы және қысқы болып екіге бөлінеді. Кейіпкеріміз жазғы сайысына қатысып, жекелей ұзындыққа секіру, лақтыру, қашықтыққа жүгіру сынды сайыстардың жеңімпазы атанған. Қызылорда облысының аудандары арасында өтетін «Алтын күз» спартакиадасынан жеңіл атлетика бойынша 15 жылдан бері жеңімпаз атанып келеді. Ол тек жеңіл атлетикамен ғана емес, дзюдо спортымен де айналысады. Бұл спорт түрінен ҚР спорт шеберіне үміткер. Әкесінің қолдауымен бастапқыда каратэ, таеквандо, одан кейін дзюдоға келген. Қазіргі таңда Мәдениет ауылындағы №14 балалар



мен жасөспірімдер спорт мектебінде 15 жылдан бері шәкірт шыңдауда. Ол 22 ауыл баласын жас ерекшеліктеріне қарай екі топқа бөліп, аталған спорт түрі бойынша дайындайды. Оның шәкірттері бүгінде үздіктер қатарынан көрініп, чемпионаттарда бақ сынауда. Биыл 2 шәкірті спорт шеберіне үміткер атағын орындаған. Сондай-ақ олар чемпионаттармен қатар халықаралық турнирде де топ жаруда. Аядай ғана ауылдан дзюдо спорты бойынша ҚР чемпиондары мен Азия чемпиондарын шығарған білікті бапкердің еңбегі зор.

Мұнан бөлек оның шәкірттері қашыққа жүгіру сайысына да тұрақты түрде қатысып, «Ең үздік жүгіруші» номинациясын иеленген. Әріне, жеңістің үлкен еңбекпен келетіні айтпаса да белгілі. Мойынға тағылған медальдың артында қаншама тынымсыз еңбек, үздіксіз жаттығу мен сенім артқан жақындарының қолдауы тұр. Ол өзін осы спортқа баулып, жарысқа дайындаған жаттықтырушыларына, қолдаған жақындары мен демеушілерге алғысын жеткізді.

Ақтоты БҰРКІТБАЙ



Бригадир Ербол

– Бастапқыда мұндай жаңалыққа жатырқай қарадық. Енді тұтас бір шаруашылықтың табысын еселеуде әр еңбек адамының жұмысы маңызды ғой. Сондықтан «Жаңа сұрыптан ойдағыдай өнім ала аламыз ба?» деген сұрақ болды. Бастапқыда агрономның кеңесіне жүгініп, сол бойынша жұмыс жүргізіміздің арқасында жақсы өнім ала бастадық. Кейін өзіміз де білген-түйгенімізді іске қостық. Шынында жаңа сұрыптарға басымдық берудің соңы үлкен табысқа әкелетінін түсіндік. Алдыңызда өсіп тұрған бидайдың да тұқымы биыл жаңадан келді, – дейді еңбек адамы.

Ерекең бастаған еңбек ұжымы биыл 311 гектар алқапқа Сыр салысын сепкен. Сұрпын сұрасаңыз – «Лидер». Күріштің бұл түрі салмақты көрінеді. Сондықтан шаруашылық жыл сайын «Лидер» сұрпын егуде.

Былытыр да өнімнің шығымы жаман болмапты. Күзгі науқанда гектарынан 53 центнерден өнім жиған. Шаруашылық бойынша алды 68 центнер өнім алған. Оның өзі осы бригаданың диқаны екен.

Шаруашылықта жалпы 3 бригада жұмыс жасайды. Соның бірін Ербол Майбасаров басқарып келеді. Қазір еңбек адамының бұл міндетті абыроймен атқарып келе жатқанына 5 жыл болыпты. Ерекең басқаратын еңбек ұжымы күріштен бөлек 200 гектардан астам жаңа жоңышқа егіп, 200 гектарға жуық ескі жоңышқаны күтімге алған. Бір ай бұрын бірінші орым да аяқталды, алдағы онкүндікте екінші орымға орақ салуды жоспарлап отыр. Бұйыртыса, одан да жоғары өнім шығады деген болжам бар. Оған да нөгіз жоқ емес. Өйткені күттім жоғары өнімнің шығымы да көңіл көншітеді.

– Өзім шаруашылықта 7 жыл күріш өктім. Шүкір, осынша уақытта қаншама қиындықты өңсердік, су тапшылығының да амалын таптық, техника да жаңарды. Қазір жұмысымыз айтарлықтай жеңілдеді. Енді күзге дейін барлық міндет диқандарда. Жазға дейін механизаторлар жер жырып, тегістеп, дән сеуіп, өз міндетін атқарды. Әр орымның уақытында жоңышқаға орақ салмаса, күзге дейін оларда айтарлықтай қиын жұмыс жоқ. Ал күзде диқандар жұмысы жеңілдеп, барлық жауапкершілік механизаторларда болады. Қазір барлық өнімнің шығымы жоғары, бұйыртыса, алдағы науқанды да шаруашылық жоғары табыспен қорытындылайды деген жоспарымыз бар, – дейді еңбек адамы.

Ерекең отбасында бес бала тәрбиелеп отыр. Оларға да күнделікті жұмысымен адал еңбекті дәріптеп келеді. Он бес жылға жуық жұмыс тәжірибесінде ол қандай қиыншылыққа да сыр алдырмады. Керісінше соның барлығын өңеріп, шаруашылық жұмысын ширатты, табысын еселеді. Оның осы жолдағы адал еңбегі – тек балаларына ғана емес, өскелең ұрпаққа үлгі.

■ Тәртіп

2024 жылдың қорытындысымен ел аумағында азаптаулардың тіркелуі 41 пайызға төмендесе, біздің аймақта бұндай жағдай тіркелген жоқ. Бұл алдын алу жұмыстарының қарқынды жүріп жатқанын білдіреді. Барлық аймақ осы бағытта жүйелі жұмыс жасап, форумдар мен корпустық кеңестер өткізіліп, мамандардың құқық қорғау органдарына кедергісіз кіруі қамтамасыз етіліп, халыққа прокуратурамен байланысу мүмкіндіктері туралы ақпарат берілді.

Азаптаудың алдын алу маңызды

«Құқық қорғау қызметі туралы» Заңның 80-бабы, 1-бөлігі, 12-1-тармағының «б» тармақшасына сәйкес, аумақтық құқық қорғау органының басшысы бағынысындағы қызметкердің заңды күшіне енген сот актілерінде не қылмыстық қудалау органдарының ақтамайтын негізбен қылмыстық істі тоқтату туралы шешімдерінде Конституцияның II бөлімінде көзделген азаматтардың конституциялық құқықтарын өрескел бұзумен байланысты қылмыс жасаған жағдайда, оның алдын алу шараларын қолданбағаны үшін қызметінен босатылады.

Бұған қоса ҚР Бас прокурорының бастамасымен 2023 жылы «Сотқа дейінгі тергеп-тексеру және жазаның орындалу сатысында азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтауды қамтамасыз ету жөніндегі» нұсқауды бекіту туралы бірлескен бұйрық қабылданды.

Бірлескен бұйрық Бас Прокурор және ҚР Ішкі істер министрі, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі мен Қаржы мониторинг агенттігінің төрағасымен бекітіліп, 16.01.2023 жылдан бастап күшіне енген. Бірлескен бұйрықпен азаптаудың алдын алу және азаматтардың құқықтарын қорғау мен уақытылы қалпына келтіру бағытында органдар атқаруы тиіс нақты іс-шаралар айқындалған.

Бірлескен бұйрықтың 3-тармағына сәйкес, аумақтық құқық қорғау органының басшысы азаматтарды өкелу, жеткізу және ұстаудың заңдылығы мен негізділігіне, сонымен қатар оларды азаптауға және өзге де қатыгез, адамгершілікке жатпайтын қарым-қатынасқа жол бермеуге тікелей жауапты. Бірлескен бұйрықтың 4-тармағына сәйкес, азаматтарды қылмыстық қудалау органына өкелу мен жеткізудің барлық процесі видеожазбаға жазатын техникалық құралдарды қолдана отырып, процесіті мәжбүрлеу басталған уақыттан сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамға өткізгенге дейін үздіксіз жазу арқылы жүзеге асырылуы тиіс.

Тергесуші және анықтау жүргізуші тұлға, басқа лауазым немесе оның азыруымен не үнісіз келісуі арқылы басқа адам тарапынан азапталушыдан не басқа адамнан мағлұмат алу немесе кінәсін мойындау мақсатында қасақана тәндік және психикалық азап келтірілгенде, осы және басқа да кемсітушілікке негізделген іс-қимылдар үшін қылмыстық жауаптылық көзделген.

Жалағаш аудандық прокуратурасы

Мұра

Жалағаш жеріндегі көне орындар

Жалағаш топырағында ежелгі қалашықтар мен мәдени-ескерткіштер ашық аспан астындағы музей іспеттес. Біздің дәуірімізге дейін өмір сүрген адамдардың тыныс-тіршілігін суреттейтін бұл киелі жерлер көне дәуірден сыр шертеді.

Моншақты қалашығы

Моншақты қалашығы Жалағаш кентінен оңтүстік-шығысқа қарай 8,5 шақырым жерде, Ақсу ауылдық округі аумағында орналасқан. Бұл жер жергілікті тұрғындарға «Жалағаш төбе» деген атаумен белгілі.

Тарихшылардың сөзінше, бұл қалашық – Қаңлы дәуіріндегі қаланың орны. Бұл қаланы Сырдария өзенінің бір арнасы – Қуандария бойындағы Жетіасар қалаларының шығыстағы сілемі десе де болады. Өкінішке орай қаланың нақты атауы мен тарихы өзирге белгісіз.

Қалашықтың қазіргі пішіні екі қабатты төбеден тұрады. Жоғары қабаттың өлшемі 34 метр болса, биіктігі – 9-10 метр. Ал төменгі қабатының өлшемі – 55х50, биіктігі 6-7 метрге жуықтайды.

Қалашықты 2006 жылы Ж.Құрманқұлов басқарған Шірік-Рабат археологиялық экспедициясы зерттеп, географиялық координаттарын анықтаған. Алайда қазба жұмыстары жүргізілмеген.

Сорлыасар қалашығы

Бұл қалашық – Бұқарбай батыр ауылының оңтүстік-шығысында ша-

мамен 3 шақырым жерде орналасқан. Сорлыасар деген атауды сол маңайдың топырағының (сор, сортаң) түріне қарап, жергілікті тұрғындар қойған. Көнекөз қариялар баяғы жаугершілік заманда сол жердің топырағын мылтыққа дәрі жасау үшін пайдаланған деседі.

Қаланың топографиялық құрылымы дұрыс емес көпбұрышты болып келген. Айнала бұрыштарында күзет мұнаралары бар бекініс дуалымен қоршалған. Дуалдың өлшемі шамамен 800х500 метр болса, ені – 3-4 метр. Қорған ішіндегі бекіністің құландысы екі қабаттан тұрады. Астыңғы қабаты домалақ пішінді, ал жоғары қабаттың жалпы пішіні созылық-төртбұрышты болып келген.

Қазіргі уақытта қаланы айнала қоршаған қорғанның қабырғалары мүжіліп бұзылған. Негізгі қақпалары қорғанның оңтүстік, солтүстік-батыс және шығыс жақтарында орналасқан.

Айта кетейік, қала орнына 1962 жылы Хорезм археология этнографиялық экспедициясы археологиялық барлау жұмыстарын жүргізгенімен, қазба жұмыстары қолға алынбаған. Кейін, яғни 2006 жылы қалашық орнын Ж.Құрманқұлов басқарған ШРАЭ зерттеп, географиялық координаттарын анықтаған.

Үңгірлі асар

Үңгірлі асар қалашығы Қаңлы дәуірінің көрнекті ескерткіштерінің бірі болып табылады. Таң ауылының оңтүстік-шығысында, Домалақ асардың маңында орналасқан. Қала құландысының жалпы пішіні төртбұрышты болып келген. Көлемі шығыстан батысқа дейін 300 метрге, оңтүстіктен солтүстікке дейін 250 метрге созылған. Қала үш сатылы қабаттан тұрады. Қалашықтың ішкі беті шеңберлене екінші қабатқа қарай шығады.

Екінші қабат жалпақ алаңша пішінінде цитадельдің батыс және шығыс жақ қанатына жапсарлана орналасқан. Алаңшаның жалпы көлемі 100х80 метр болса, биіктігі – 3-6 метр. Қалашықтың үстіңгі қабаты дұрыс сақталмаған. Қаланың цитаделі мен дуалдардың сыртқы беті және етегінде жауын-шашынның әсерінен үңгірлер мен арықтар пайда болған.

Жомарт мұнарасы

Бұл мұнара – Жаңадария ауылының оңтүстік-батысында 45 шақырым жерде, Жаңадария өзенінің оң жақ жағасында орналасқан.



Жомарт мұнарасы құмтөбенің басына орналасқандықтан, басқа мұнаралармен салыстырғанда биіктігі әлдеқайда аласа. Мұнараның жалпы пішіні конус тәрізді, сүйірлеу етіп, көлемі 8х20х38 см болатын қам кірпіштерден қаланған. Құмның үстіне салынғандықтан бұл мұнараның астына қамыс төселмеген. Іргетасының орнына мұнараның табанына қалыңдығы 84-85 см болатын сабан қосып иленген. Сазды топырақтан фундамент құйылған. Мұнараның едені де осы биіктікке дейін көтерілген.

Мұнараның күмбезі ішкі бетке қарай қирап түсіп, жоғары жағын (шамамен 2,4 м) бітеп тастаған. Кіреберіс есігі оңтүстік-батыс жаққа қараған. Сыртқы бетінде мұнара биіктігінің жартысына дейінгі қабырғаға арматура ретінде сексеуілдің жұқа бұтақтары қоса қаланған.

Бытық мұнарасы

Бытық мұнарасы жергілікті тұрғындарға Бітім мұнарасы деген атпен белгілі. Аңыз бойынша, Кете руының Сойырқас аталығының бір байының қызына бір тайпаның игі жақсылары құда түсіп келеді. Сол тойдың көкпар жарысында күйеу жігіт қайтыс болады. Артынша қалыңдық та у ішіп өледі. Кейін екі ру бітімгершілік белгісі ретінде бірге көмілген қыз бен жігіттің бейітінің басына осы мұнараны тұрғызады.

Мұнараның жалпы формасы домалақ. Көлемі 8х21х35 және 12х21х35 см болатын қам кесектермен қаланған. Мұнараның астына фундамент есебінде қалыңдығы 10 см болатын бауланған қамыс төселген. Мұнараның ішкі бетінде жоғары жаққа қарай көтерілу үшін 4 баспалдақ бар. Сыртқы бетіне кесектермен бірге сексеуілдің жұқа бұтақтары да қоса қаланған. Жоғары жағы жабылмай, ашық қалдырылған. Солтүстік-шығыс жақ бетінде ішкі бетке жарық түсіп, ауа соғып тұру үшін үшбұрышты арнайы тесік бар. Кіреберіс есігі оңтүстік-батыс жаққа қаратылып, үшбұрышты арқа секілді



Мысық би кесенесі

Ел аузында

Тауарихтың 1680-1688 жылдары аралығында Тәуке хан таққа отырғанда Шеген би Жетірудың атақты билерінің бірі болғаны белгілі. Рубасылар, билер елдің тұтастық, тыныштық және басқа да саяси мәселелеріне тікелей араласуы осы кезден басталады. Тәуке хан билік жүргізудің бұрын-соңды болмаған жаңа түрін енгізуді ұйғарды. Осы себептен елдегі ең беделді, сенімді, әділ және өте шыншыл адамдарды іріктеп, «билер кеңесін» құрған. Бұған қазақтың ұлы жүзінен, орта жүзінен, кіші жүзінен бір-бір би енген. Бұлардан басқа осы хандыққа қарайтын қарақырғыздан, қарақалпақтан және өзге тайпалардан өкілдер еніп, «Алаштың алты биі» атанған. Міне, осы «билер кеңесіне» халықтың аманатын арқалаған Шеген би бабамыз да сайланған. Тарихшы Мұхаметжан Тынышбаев «Великие бедствия» (Ақтабан шұбырынды) деген кітабының 78-бетінде Әйтеке биден бұрын Кіші жүздің төбе биі Шеген би болғанын жазады.

«Алаш» тарихи-зерттеу орталығының деректеріне сүйенсек, бұл жерде аты аталып отырған Шеген бабамыз – Кіші жүздің көп биінің бірі ғана емес, өз Тәукенің бас әзіреті, сопы Әзіз Мүсірәлімен бірлесе отырып, жан-жақта жүрген барша жетірудың басын қосып, Жайық бойына топтастыра, жақындатып жүрген тұлға.

Ел аузындағы шежіреге үңілсек, Шербұға (Шеген би) бабамыз жағалбайлыдан шыққан, осы тайпаны тұтастырушы Мелде бидің ұрпағы. Бұрынғылардан «Елді ел еткен Мелде би» деген сөз қалған. Ал оның бесінші ұрпағы Шеген бидің уақытында жетірудың тайпаларын біріктіру, қазақ хандығының ішкі, сыртқы саясатын айқындау мәселелері алда тұрды. Жетіру жұрты Тәуке ханмен келісе отырып, қазақ жерінің солтүстік-батыс жағын қаптаған орыстардан, татар-башқұрттардан қорғаймыз деп, қасиетті Жайықтың басы Жамантаудан бастап, сонау Елекке дейін екі жағын ала орналасады. Сол кездегі жетірудың Тәуке ханнан алған жері, қазіргі Башқұртстан, Батыс Қазақстан, Ресейдің Орынбор, Ақтөбе, Қостанай, Челябин облыстарымен шектеседі.

Тәуке хан Қазақ Ордасына 1680 жылы билікке келген. Демек Шеген бидің ел ісіне араласуы осы жылдан немесе 1652 жылы қаза болған Жәңгір хан тұсынан басталады деп жорамалдауға болады.

Ескі шежіреге үңілсек, Шеген би 80-90 жылдай өмір сүрген. Оның өмірге келген мезгілін XVI ғасырдың аяғы немесе XVII ғасырдың басы деп болжам жасаймыз.

Тарих ғылымдарының докторы, профессор Аманжол Күзембайұлы 2008 жылдың 26 тамызында шыққан «Қостанай жаңалықтары» газетіндегі «Қоғамға қызмет ететін әділ би» деген мақаласында былай дейді: «Би халықтың ашық дауысымен сайланған. Егер ол тура жолдан тайқып, халық сенімсіздік білдірсе, онда оған адамдар барып шағынуды қояды және биліктен шеттетіледі. Атақты Шеген би ауамалы-төкпелі, түсініксіздеу мезгілде өмір сүрген. Күрмеуі қиын күрделі мәселенің шешімдерін алдына келіп жүгінушілерге тауып беріп отырған. Әсіресе жер дауына байланысты байыпты пікір білдіруден айнымаған. Ол кезде жазғы жайлау, қыстау, сосын мал суару үшін қажет өзен, көлдің жағалауын жанжал шықпайтындай етіп бөліп

беру керек болған. Әр руға, тайпаға бөлінген жер ағайын арасында алауыздық, не екпе тудырмаған. Бұл Шеген бидің шеберлігі мен оның әркімге тартпайтын шыншылдығын көрсетеді».

Аталған автордың «Тарих өз ел-кеңнің тарихынан басталады» деген тағы бір мақаласында: «Шеген би өз мезгіліндегі ең ауыр сурақ – шекара белгілеу мәселесімен айналысқан. Кім біледі, осы кезде қалай боларың, егер ол кезде бұған жанашырлықпен, шыншылдықпен, отансүйгіштікпен қарамаса. Орыстар қазақ жерін көбірек алып қалу үшін Шеген биге алтын алқа, алтын жүзік, алтынмен көмкерген шапан, қылыш беріп, шекараны қайта қарасын деп уәкіл жіберген. Сонда Шеген би оған: «Алтыннан алқа, жүзік тағатын қатын емеспін, қылыш алатын жауынгер емеспін, шапан жабатын сұлтан емеспін» деп сыйлықтарын қайтарып жіберген.

Одан кейін Шеген биді ұстап алып, қамап көндіруге тырысқан. Көп ұстай алмайды, себебі атақ-данқы бүкіл алты алашқа белгілі, артында сұрауы бар. Босатып жіберген, бірақ ердің қасын, қан-жығасын ұлап аттандырған. Содан



Фото: ашық дереккөз

Шеген би

уланып Шеген би қайтыс болған. Шеген биді, сол кездегі қазақ хандығының орталығы болған Түркістанға, қазақтың ардақты адамдарының қасына жерлеуге алып шыққан екен, бірақ сүйекті бұзылып кететін болған соң, басқа жерге жерлеген» деп баяндайды.

Аласапыран замандарда Шеген бидің ұрпақтары, бабасының берген антын сақтап қалуға тырысқан. Мысалы, «Алаш» тарихи-

зерттеу орталығының «Қазақ ру-тайпаларының тарихы» деген кітабының V томы 2-кітабының 34-бетінде былай көрсетілген: «Тотай батыр, жоғарыда аты аталып кеткен Шеген бабаға (Шеген биге): «Берген сертіне адал болу үшін, ондаған жыл бойы, Елек-Жайық Үй өзендерінің бойындағы ұзындығы 2 мың шақырымға жуық қазақ шекарасын қорғауға атсалысқан батыр» деп баға берген. Сонан

Баянғали ҚҰЛТАЕВ, өлкетанушы

Сараптама

Тегін ірімшік тек қақпанда

Бүгінде аяғыңды аңдап баспасаң, алаяқтың арбауына алдануыңыз өбден мүмкін. Олар жалған беттерде киіп, сіздің іші-бауырыңызға кіріп, қалтаңызды қағуға құштар. Қорқыныштысы, алаяқпен өмірде бетпе-бет кездеспей-ақ, интернетте отырып, шотындағы бар жиганынан бір-ақ сөтте айырылып жатқандар жетерлік. Жасыратыны жоқ, бүгінде кейбір адамдар еңбек етпей, оңай жолмен қыруар ақша табуды армандайды. Сол жалған қиялмен алаяқтардың қақпанына қалай түсіп қалғанын байқамай да жатыр. Баспана алуға, тіпті Меккеге баруға жинаған ақшаларынан айырылып, зар жылаған азаматтардан жаңалықтардан көз ашпайсың. Әрине, қоғам белсенділері дабыл қағуда. Үкімет те аталған мәселе тарапынан бірқатар жұмысты қолға алған. Алайда нәтиже көңіл көншітпейді.

Алаяқтар ауылға да жетті

Жалпы алаяқтық дегеніміз – бағзы заманнан бері адамзат баласымен бірге жасап келе жатқан қылмыстың бірі. Ол қоғамның жағдайына байланысты түрленіп, дамып, жаңа сипатта көрініс беріп жатады. Соған орай алаяқтықтың бүгінгі таңдағы жаңа бір сипаты – ақпараттық технологиялардың дамуына байланысты өмірге келген интернет алаяқтық болып отыр және оның түрлері де күн өткен сайын кең таралып, етек жаюда. Ең көп кездесетін интернет-алаяқтық қылмыстардың түрі банк, пошта, ұялы байланыс операторының қызметкері, тіпті құқық қорғау органы қызметкері ретінде де хабарласып, жөбіріленушілердің жеке деректеріне қол жеткізіп отыр. Тіпті жалған сілтемелер жіберіп, сол арқылы өз арам ойларын жүзеге асыруда.

Интернет алаяқтық деп ақпараттық жүйені пайдалану арқылы бөтеннің мүлкін жымқыру, алдау немесе сенімін теріс пайдалану жолымен бөтен мүлікке құқықты иемденуді айтамыз. Яғни бұл жерде қылмыскер компьютер, смартфон, планшет секілді заманауи құралдардың көмегімен интернет арқылы адамдарды алдап-арбап, олардан ақша өкпсалау, мүлкін жымқыру секілді жымқырғыс әрекеттерге барады. Алаяқ кез келген қызмет түрлерімен жарнамалап, «жоғары оқу орнына түсіремін, жұмысқа тұрғызамын, үйге керекті жиһаздарды жарнамалап, қайтарымысыз несие алып беремін» деп қаражатты алдап алып, жымқырады.

Алматы, Астана секілді ірі қалаларда алаяқтар көп деп ойласаң, қателесесің. Олар 1000 ғана тұрғыны бар ауылға да қақпанын қоя береді екен. Аз ғана халқы бар ауданымыздың өзінде қаншама азамат алаяқтардың арбауына түскен.

Жалағашта 11 қылмыстық іс қозғалған

Аудандық соттың мәліметінше, 2025 жылдың 6 айында аудандық соттың өндірісіне жалпы 29 қылмыстық іс түскен, оның ішінде алаяқтық жөнінде Қазақстан Республикасы ҚК-нің 190-бабының 1.2.3.4 бөліктерінде көзделген 11 қылмыстық іс түскен. Алаяқтық санаттағы 3 іс бойынша үкім шығып, 3 іс бойынша қаулы шыққан, 5 іс сотталығы бойынша жолданған.

Нақтырақ айтсақ, сотталушы С.В. бөтеннің мүлкін сенімді теріс пайдалану арқылы алаяқтық жолмен алдап, төмендегі мән-жайда жымқырған. 2024 жылы қараша айында тергеп-тексерумен нақты анықталмаған күні танысы Ш.Б-мен ұялы телефон арқылы байланысып, оның танысы Ф.О-ның баласын жұмысқа орналастырамын деп жалған мәлімдеп, сеніміне кірген. Алаяқ қызметін 1 млн теңгеге бағалап, сомманы аударуды сұраған. Жөбіріленуші аталған сомманы «Kaspi.kz» қосымшаға аударған. Қаржыға қол жеткізген алаяқ ақшаны бас пайдасына жаратып, жөбіріленушіге 1 000 000 теңге мүлдікті залал келтірген.

Абырой болғанда, ол құқық қорғау органдарымен дереу әшкереленіп, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 190-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танылған. Оған 1 жылға бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалып, осы мерзімге пробациялық бақылау белгіленді. Жергілікті атқарушы органдар айқындайтын орындарда, жазаны өтеудің бүкіл мерзімі ішінде жыл сайын 100 сағаттан аспайтын мөжбүрлі еңбекке тартылып, сотталушыға орындау үшін келесі міндеттер жүктелген.

Бұл жайтты жазып отырған себебім, бүгінде азаматтар жай ғана бөтен адамға ақша аударуға болмайды деген ескертуге мән бере қоймайды. Ал міне, осындай оқиғалар басқа да азаматтар үшін сабақ болары сөзсіз.

Тағы да ескерте тінін жайт, жалпы аудандық соттың өндірісіне түскен алаяқтыққа қатысты қылмыстық істерді



Фото: ашық дереккөз

қарау барысында әйел адамдардың қылмыс жасауы жиілеген.

Қаржылық сауаттылықты арттыру маңызды

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен «XXI ғасырдың қаржылық триггерлері» тақырыбында форум өтті. Форумға Қызылорда қаласы мен аудан әкімдері, жауапты сала басшылары, білім, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт салаларының мамандары, зиялы қауым, белсенді жастар ұйымдарының өкілдері қатысты. Аймақ басшысы қоғамдағы күрделі мәселелерді талқылап, алдағы бірлескен маңызды міндеттерді айқындау мақсатында атқарылатын жұмыстарға тоқталды.

– Цифрлық шешімдер жылдам дамыған уақытта азаматтарымыздың құқықтарын қорғаудың, қаржылық сауаттылығын, құқықтық мәдениетін қалыптастырудың маңыздылығы артты. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы халыққа арнаған Жолдауында: «Біздің қоғамымызда заң мен тәртіп үстемдік құруға тиіс. Бұл – бүкіл қоғамның, әр адамның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты ең басты талап. Біз сонда ғана Әділетті, Таза, Қауіпсіз Қазақстанды құра аламыз» деп нақты міндеттерді белгілеген болатын. Биыл 1 сәуірде Үкімет қаулысымен «Қоғамда заң мен тәртіп идеологиясын ілгерілету жөніндегі 2025-2030 жылдарға арналған тұжырымдама» бекітіліп, нақты міндеттер белгіленді. Өңірімізде Мемлекет басшысының «Заң мен Тәртіп» қағидасын іске асыруда Қызылорда облысы бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаментімен бірлесіп, кешенді шараларды қолға алдық. Жаңа бастамаларға әрдайым қолдау көрсетіп келеміз, – деді аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев.

Заманауи мүмкіндіктерді өз пайдасына асырған алаяқтар жасаған қылмыстар азаматтардың лайықты өмір сүруіне теріс әсер етуде. Түрлі гаджет пен смартфондағы бағдарламалардың көмегімен жасалатын алаяқтық, кибершабуылдар схемасы сөт сайын өзгеріп, қадамы жаңарып барады. Халықтың қаржылық қауіпсіздігі үшін қаржылық пирамидалар, құмар ойын-дразға тәуелділік, интернет-алаяқтық, дропперлік қылмыстардың алдын алу да уақытылы, тиісті шешімдер қабылдаудың маңыздылығы артты.

Бір қарағанда жеке адамның мәселесі секілді көрінуі мүмкін. Бұл – тұтас қоғамға, әрбір отбасыға, ұрпағымыздың болашағына әсер ететін қауіп-қатер. Жергілікті билік ашықтық қағидатына сәйкес, қала, аудандарда халықтың өзекті мәселелері бойынша құқық қорғау органдарының бірінші басшыларымен бірге қоғамдық қабылдауларды тұрақты өткізіп келеді. Бұл өз кезегінде тұрғындардың мемлекеттік органдарға деген сенімін арттырып, әділетті қоғам құруға оң ықпал етуде. Елімізде заңсыз ойын бизнесі мен лудоманияға қарсы іс-қимыл жөнінде заң қабылданып, көшенді шараларға жол ашылды. Бұл кеселмен халық, әлеумет болып күресуіміз керек.

Сондай-ақ лудомания дертіне шалдыққан адаммен психологтар, дін мамандары жұмыс істеп, жеңіл жолмен келген ақша пайда әкелмейтінін, тек адал еңбекпен тапқан табыстың ғана берекесі болатынын ұғындыру қажет.

Жақында Жалағаш аудандық прокуратурасының үйлестіруімен «Заң және тәртіп апталығы» акциясы аясында қаржылық сауаттылықты арттыруға бағытталған «Қаржылық сауаттылық, қаржы қауіпсіздік» акциясы өтті. Іс-шара барысында халыққа қызмет көрсету орындарында тұрғындармен кездесулер ұйымдастырылып, қаржыға байланысты құқықтық кеңес берілді.

Қатысушыларға құқықтық мазмұндағы үнпарақтар таратылып, қаржылық алаяқтық, заңсыз несие рәсімдеу, кепілсіз ақша ұсыныстары сияқты тәуекелдер туралы түсіндірме жұмыстар жүргізілді. Әрине, мұндай бастамалардың мақсаты азаматтарды өз құқықтарын білуге, жеке қаржысын дұрыс басқаруға, алаяқтыққа жол бермеуге үйрету болып табылады.

186 интернет-алаяқтық әшкереленген

Интернет алаяқтықтың басқа қылмыстарға қарағанда басты ерекшелігі, жалпақ жұрттың бәріне қатысты жасалуында болып отыр. Қылмыскерлер уақыт талабынан қалмай, азаматтардың ақшалай қаражатын жымқырудың түрлі жаңа әдіс-тәсілдерін қолдануда. Әсіресе олар әлеуметтік желілердің мүмкіндігін ұтымды пайдаланып отыр.

Облыстық полиция департаментінің киберпол басқармасының мәліметінше, жыл басынан бері аймақта 186 интернет-алаяқтық дерегі бойынша қылмыстық іс тіркеліп, сотқа дейінгі тергеп-тексеру нәтижесімен 66 қылмыстық іс өндірістен аяқталып, түпкілікті шешім қабылданған.

50 млн-нан астам қоңырау бұғатталған

Қуантарлығы, аймақта интернет-алаяқтық қылмыстарымен айналысу мақсатында «Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл басқармасы» құрылып, арнайы ақпараттық техникалармен жабдықталып, қылмыс ашу бағытында жұмыстар атқаруда. Қазіргі уақытта өңірімізде ең жиі кездесіп жүрген бірнеше интернет алаяқтықтың түрі бар. Ең жиі кездесетіні, өзін ұялы байланыс операторы немесе банк қызметкері ретінде таныстырып, жеке деректеріңізге қол жеткізгісі келеді.

Айта кету керек, еліміздің байланыс операторлары алаяқтық мақсатпен шетелден қоңырау шалатын нөмірлерді бұғаттайды. Осы уақытқа дейін 50 млн-нан астам қоңырау бұғатталған.

Алаяқтық 24,7 пайызға өскен

Қазақстанда несие беру тәртібі қатандатылады, енді несиеге кез келген адам қол жеткізе алмайды. Бұған интернет алаяқтықтың күрт көбеюі себеп болып отыр. Соңғы деректерге сәйкес,

ел бойынша осындай 12 390 қылмыс тіркелген. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 24,7 пайызға көп.

Несие рәсімдеу қиындайды

Енді несие рәсімдеу бұрынғыдай оңай болмайды. Себебі Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі банк пен микроқаржылық ұйымдарға қатысты бірқатар өзгеріс енгізуді ұсынып отыр. Жаңа ереже жобасына сәйкес, егер сіз 589 800 теңгеден жоғары сомаға онлайн несие алсаңыз, қаражат бірден қолыңызға тимейді. Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін ақша тек 24 сағаттан соң ғана шотқа аударылады. Мұндай шектеу алаяқтықтың алдын алуға бағытталған. Себебі қазір жеке деректерді пайдаланып, бөтен адамның атына несие рәсімдеу жүйелген.

Жаңа ереже жобасына сәйкес, бірінші рет 600 мың теңгеге жуық немесе одан көп көлемде несие рәсімдеуді көздеген азаматтар енді қаржы ұйымына өзі келуі тиіс. Онлайн қол қою бұл жағдайда жарамсыз. Себебі банк немесе микроқаржы ұйымы қарыз алушының шын мәнінде өзі екенін көзімен көріп, жеке басын нақты растауы қажет. Сонымен қатар бір тәуліктің ішінде бірнеше микрокредит алуға да шектеу енгізу ұсынылды.

Нақтырақ айтсақ, егер бір азамат 24 сағат ішінде бірнеше қаржы ұйымынан микронесие рәсімдеп, олардың жиынтық көлемі 150 айлық есептік көрсеткіштен асып кетсе, келесі қарыз уақытша тоқтатылады. Бұл – несие алушыға ойлануға мүмкіндік беретін көзек. Себебі соңғы жылдары қысқармерзімді, бірақ көп мөлшерде алынған микрокредиттер салдарынан азаматтардың қарыз жүктемесі күрт арттып, төлем қабілеттілігі нашарлап кеткен. Соны азайту үшін осы шара енгізілмек.

Сондай-ақ талпынып жатқан заң жобасына сәйкес, егер қарыз көлемі 1000 АЕК-ден, яғни шамамен 4 млн теңгеден асса, міндетті түрде жүйеының жазбаша келісімі қажет болады. Бұл талап отбасының мүлдікті қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкіне зиян келтірмесе үшін екінші тараптың келісімі заң жүзінде бекітілмек.

Әзірше алаяқтықтың алдын алуға бағытталған жаңа ереже жобасы қоғамдық талқылауға ғана ұсынылды. Құжатқа қатысты ұсыныстар 18 шілдеге дейін қабылданады. Заң күшіне еңсе, құқық бұзушылықтарға тосқауыл қою тетіктері күшеймек.

Түйін. Алаяқтар қаптаған тұста азаматтар да өз құқығын қорғап, бөтен кісілерге ақшасын немесе бағалы мүлкін сеніп, тапсыра салудан аулақ болуы керек. Тіпті қаржылық сауаттылығыңызды әрдайым арттыруға талпыныңыз, себебі қаржылық сауаттылық – тек сіздің ғана емес, отбасыңыздың да қауіпсіздігі! Тегін ірімшік тек қақпанда екенін естен шығармайық. Біздікі ой салу...

ЖАРЫН

Реформа



Фото: ашық дереккөз

Кассациялық сот өз жұмысын бастады

Кассациялық соттарды құру – Мемлекет

басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен IX судьялар съезінде жария етілген сот реформасының негізгі бағыты. 2025 жылдың 1 шілдесінен бастап Қазақстан Республикасының жаңадан құрылатын кассациялық сот Астана қаласында жұмысын бастады. Осы сот судьялығына іріктеу кезінде практикалық тәжірибие, судьялық өтіл, сот төрелігін жүзеге асыру сапасы, мінсіз бедел және үміткерлерді бағалаудың көпсатылы жүйесінде көзделген өзге де критерийлер ескерілген.

Қазақстан астанасында Жоғарғы Сот төрағасы Асламбек Мерғалиев пен ҚР Президентінің құқықтық мәселелер жөніндегі көмекшісі Ержан Жиенбаевтың қатысуымен кассациялық соттың салтанатты ашылу рәсімі өтті. Салтанатты рәсімге қатысушыларға құттықтау сөзінде А.Мерғалиев Мемлекет басшысы Судьялардың IX съезінде сот төрелігіне қолжетімділікті кеңейтуге, инвестициялар мен бизнесті жүргізуге қолайлы жағдай жасауға, сондай-ақ әділеттілік және заң үстемдігі қағидаттарын жүзеге асыруға бағытталған сот реформасының маңыздылығын ерекше атап өткеніне тоқталды.

Бұл реформаның негізгі элементі кассациялық соттарды енгізу болды. Жоғарғы Сот Төрағасының айтуынша, кассациялық сатының ашылуы сот жүйесі дамуының жаңа кезеңін білдіреді және мемлекеттің сот төрелігінің жоғары стандарттарын қамтамасыз етуге ұмтылысын айғақтайды. Жоғарғы Сот Төрағасы кассациялық соттар еліміздегі «Заң мен тәртіп» іргелі қағидатын бекіте отырып, заң үстемдігін қамтамасыз етудің тиімді буынына айналатынына сенім білдірді.

Биыл 1 шілдеге дейін кассациялық сатының функцияларын Жоғарғы Сот жүзеге асырды, азаматтық және қылмыстық істерді қарау «таңдамалы» кассациялық төртіп бойынша жүргізілді. Оның мәні азаматтық істер бойынша азаматтардың өтініштарлары алдымен алдын ала қарауға беріліп, оларды алқалы қарауға беру немесе беруден бас тарту туралы шешімді судьяның өзі ғана шығарды. Қылмыстық істер бойынша алдын ала қарау алқалы түрде, үш судьяның қатысуымен жүргізілді. Бірақ бұл төртіп жетілдірілмегендіктен азаматтарға қолайсыздық тудырды.

Бастапқыда әкімшілік әділеттің енгізілуімен жаппай кассациялық төртіп қолданылған әкімшілік істер бойынша шағымдар түскен жоқ. Нәтижесінде, сот ісін жүргізудің үш түрі бойынша кассациялық төртіпте қайта қарауға басқаша көзқарас пайда болды. Бұл жағдай кассациялық қарауға қолжетімділікті шектеді және тиісінше сот төрелігіне қолжетімділік туралы қоғамның сұранысын қанағаттандырмады.

Биыл 1 шілдеден бастап қылмыстық және азаматтық істерді алдын ала қарау жойылды. Енді апелляциялық сатыдан кейін барлық келіп түскен шағымдар іс жүргізуге қабылданып, мәні бойынша кемінде үш судьядан тұратын алқада қаралады. Істерді кассациялық төртіпте қарау мерзімі алты айдан аспайды.

Жоғарғы Сот жоғары сот органы ретінде сот практикасының біркелкілігін қамтамасыз етуге баса назар аударатын болады. Жоғарғы Сот судьясының бастамасы бойынша сот актілерін қайта қарау, егер оларды сот практикасына қайшы келетін жергілікті және кассациялық соттар қабылдаған ерекше жағдайларда мүмкін болады.

Кассациялық төртіпте шағым беру мерзімі – апелляциялық саты сотының қаулысын түпкілікті алғаннан кейін 6 ай ішінде. Апелляциялық сатыда таталуға келісіммен, медиация немесе партисипативті рәсім тәртібімен аяқталған әкімшілік істер бойынша сот актілері де кассациялық төртіпте қаралуы мүмкін.

Егер апелляциялық сот актісі 2025 жылдың 1 шілдесіне дейін қабылданған болса, кассациялық шағым апелляциялық сатыға беріледі, ол жақтан кассациялық сотқа іспен бірге жолданады. Егер 2025 жылы 1 шілдеден кейінгі қабылданған апелляциялық саты сотының сот актісіне кассациялық шағым берілсе, ол тиісті мемлекеттік бажды төлеп, тікелей кассациялық сотқа беріледі. Азаматтық істер жөніндегі кассациялық сотта төрағасы және 37 судья, Қылмыстық істер жөніндегі кассациялық сотта сот төрағасы және 20 судья, Әкімшілік істер жөніндегі кассациялық сотта сот төрағасы және 18 судья жұмыс ететін атқаратын болады. Кассациялық саты жұмысының тиімділігін қамтамасыз етіп, азаматтардың сот жүйесіне деген сенімін арттырады деп білеміз.

Аян АЛТЫНБАЕВ,
Жалағаш аудандық сотының
әкімші басшысы,
облыстық судьялар
одағының мүшесі

Меншік иесі:



жауапкершілігі
шектелуі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.

Газет эр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның

түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында
теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС
сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС
баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша
31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08
телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2681 Тапсырыс №1168

Кезекші редактор: Жандос ЖАЗКЕН